QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №32 (2034) 31 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ

Мақсатқа жетер жол – білім мен ғылым

Құрметті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлары, студенттер, магистранттар мен докторанттар!

Сіздерді 1 қыркүйек – Білім күні және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – ізденімпаз жастар мен ұлағатты ұстаздар қауымы үшін ерекше мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанның тірегі болатын жауапты әрі адал азаматтарды тәрбиелеу – бәріміздің ортақ міндетіміз. Біз озық ойлы ұлт қалыптастыру жолында бірлесе еңбек етуіміз керек. Халқымызда «Білім – таусылмас қазына» деген сөз бар. Сапалы білім мен нағыз ғылымға ұмтылсақ, біз барлық мақсатымызға қол жеткіземіз», – деп атап өткен болатын.

Президент межелеген бұл биік мақсаттарды іске асыруда Қазақ ұлттық университеті әрқашан алдыңғы шепте келеді. 1934 жылы негізі қаланған ҚазҰУ – тәуелсіз Қазақстанның басты интеллектуалдық тірегі. Мемлекет басшысы биыл университетімізге арнайы келіп, ғылыми қоғамдастықпен жүздескенде де бұл рөлге жоғары баға беріп, ғылымды өндіріспен ұштастыру бойынша нақты міндеттер жүктеді.

Оқу ордамыз QS World University Rankings рейтингінде әлем бойынша 177-орында. Ал QS Asia University Rankings бойынша Азияда 38-орынды иеленіп, Орталық Азиядағы №1 университет мәртебесін сенімді түрде дәлелдеп келеді.

Университетіміздің бұл биік беделі биылғы қабылдау науқанының нәтижелерінен де айқын көрініс тапты. Жаңа оқу жылында білім алушылар қатары 8 мыңнан астам жаңа буынмен толықты. Бакалавриатқа қабылданған 6236 студенттің ішінде 674 «Алтын белгі» иегері мен халықаралық жарыстардың 46 чемпионы бар. Ал ҰБТ-дан 130-дан жоғары балл жинаған грант иегерлерінің үлесі өткен жылмен салыстырғанда 86,7 пайызға өсті. Сонымен қатар магистратураға – 1167, докторантураға 462 зерттеуші қабылданып, республикалық докторантура гранттарының бесінші бөлігін (21 пайыз) тағы да біздің университет иеленді.

Қымбатты бірінші курс студенттері!

Сіздер қадам басып отырған білім ордасының инфрақұрылымы мен ғылыми әлеуеті өте зор. Бүгінде университет құрамында 16 факультет, 78 кафедра, 8 ғылыми-зерттеу институты, 24 орталық және 145 заманауи зертхана жұмыс істейді. 400-ге жуық ғылыми жоба іске асырылып, соңғы екі жылда тартылған инвестиция көлемі 110 млн АҚШ долларынан асты.

ZTE, LG Electronics, Ericsson, BASF, Huawei, Samsung және NVIDIA сияқты әлемдік гиганттармен әріптестік орнатылып, халықаралық желіміз 700-ден астам шетелдік ЖОО-ны қамтиды.

Студенттер контингенті 27 мыңнан асады, оның 7 мыңы – әлемнің 53 елінен келген шетелдік жастар.

Университетіміз өз тарихында 210 мыңнан астам маман даярлады. Ендігі кезекте осы саңлақтар салған сара жолды жалғастыру – сіздерге жүктелген үлкен сенім.

Шығыстың ұлы ойшылы, университетімізге есімі берілген әл-Фараби бабамыз: «Жастардың бойында қайсарлық, ізгілік пен білімге деген құштарлық қатар өрілгенде ғана ол қоғамның шынайы тірегіне айналады», – деген екен. Бұл өсиетті бойтұмар етіп, сапалы білім мен биік парасатты серік етеді деп сенім артамын.

Жаңа оқу жылы толағай табыстарға, ғылыми жетістіктер мен шығармашылық жеңістерге толы болсын!

Ізгі тілекпен,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Басқарма Төрағасы –
Ректоры, академик
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ



Жаңа оқу жылына дайындық қалай?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың төрағалығымен жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындық жұмыстарының барысы кешенді түрде қаралды.

Отырыста оқу ғимараттары мен аудиторияларды жаңа оқу жылына дайындау, оқу үдерісін және дәрістер кестесін тиімді ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, қалашықтың инфрақұрылымын оқу жылына дайындау және қауіпсіздік шараларын күшейту бағыттары талқыланды.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев жауапты тұлғаларға барлық дайындық шараларын белгіленген мерзімде әрі жоғары сапада аяқтауды тапсырды. Ректор бірінші курстарды бейімдеу, жатақханамен қамту және оқу үдерісінің іркіліссіз өтуін қамтамасыз ету басты назарда болуы тиістігін баса айтты.

Жиын қорытындысы бойынша жауапты құрылымдарға нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын бақылауда ұстау жүктелді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



2-бет **Абаттандыру жұмыстарын тексерді**



3-бет **Құрылтай – мемлекеттік басқарудың жаңа кезеңі**



5-бет **ҚазҰУ – Ai-Sana бағдарламасының көшбасшысы**




Абаттандыру жұмыстарын тексерді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университет қалашығын абаттандыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысын аралап көрді.



Университет басшысына қалашық аумағын тазалау, жаяу жүргіншілер жолын ретке келтіру және жарықтандыру жүйелерін жаңарту бойынша атқарылып жатқан шаралар таныстырылды.

Жансейіт Түймебаев студенттер мен оқытушылар үшін қолайлы әрі жайлы орта қалыптастырудың маңыздылығына тоқталып, жауапты тұлғаларға бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Атап айтқанда кампус аумағында студенттердің демалуына арналған жаңа орындарды көбейтуді, тозығы жеткен тас төсеніштерді жаңасына ауыстыруды, сондай-ақ оқу ғимараттары мен жатақханалар төңірегіне жасыл желектер мен жеміс ағаштарын отырғызуды міндеттеді.





Кездесу орны – «Мәңгілік ел» сағат стелласы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында «Мәңгілік ел» сағат стелласының орны ауыстырылып, Фараби кітапханасы алдындағы орталық алаңға қойылды.




Стеланы көшіру және жаңа орынға орналастыру жұмыстарымен ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев арнайы барып танысты. Нысанның жаңа орны кампустың жалпы көрінісімен үйлесім тауып, көрікті орындардың біріне айналмақ.

Университет басшысы сағат төңірегін толық абаттандырып, оның айналасында студенттердің демалуына әрі еркін білім алуына арналған жайлы аймақтар ұйымдастыруды тапсырды.

Биіктігі 19,3 метрді құрайтын «Мәңгілік ел» сағатының ірге тасы төрт тұғырлы бағаналармен бекітілген. Бұл нысан 2022 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, университет түлектерінің арнайы тартуы ретінде орнатылған болатын.

Бұған дейін жатақханаларға барар жолдың жиегінде орналасқан бұл стела бүгінде оқу ордасының тарихы мен дәстүрін айшықтайтын символдық нышандардың бірі.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Қайта өңделген заттардан арт-нысандар бой көтерді

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кампусында арнайы символдық арт-нысандар орнатылды. Жоба жастар арасында экологиялық мәдениетті орнықтыруға, табиғатты аялау санасын қалыптастыруға және университет қалашығының эстетикалық келбетін байытуға бағытталған.

Университет студенттері жиі жиналатын орталық аумаққа қойылған арт-композициялардың әрқайсысы терең идеологиялық мағынаға ие.


«Экотұлпар» композициясы – университет туын көкке көтерген тұлпар үстіндегі қыз мүсіні. Бұл білімге, инновацияға және жарқын болашаққа ұмтылған жас ұрпақтың көшбасшылық рухын айшықтайды.

«Таза әлем» глобусы – планетамызды қорғаудың, ғаламдық экологиялық жауапкершілік пен табиғи тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын бейнелейді.

«Кітаптар композициясы» – ҚазҰУ-дың көпсалалы оқу ордасы екенін танытып, университеттегі ауқымды ғылыми-білім беру бағыттарын көрсетеді.

Бұл арт-нысандар металл қалдықтары мен істен шыққан бөлшектерді қайта өңдеу арқылы құрастырылған. Бастама студенттерге «Таза Қазақстан» акциясының негізгі идеясын – қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және ресурстарды үнемдеу қажеттігін нақты тәжірибеде көрсетеді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ







Құрылтайдың саяси рөлі сарапталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сайлаудан – шешімдерге: жаңа Құрылтайдың қоғамдық сұранысты жүзеге асырудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Жиынға белгілі заңгерлер, мемлекеттік органдар мен сот қауымдастығының өкілдері, сондай-ақ ғылыми қауымдастық пен жас зерттеушілер қатысты.

Шараны ашқан университет басшысының кеңесшісі Еркін Дүйсенов ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын жеткізді. Өз үндеуінде ЖОО басшысы жүргізіліп жатқан саяси-құқықтық реформалар жағдайында азаматтардың мүдделерін білдіру, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы сындарлы диалогты арттырудың ерекше өзектілігін атап өтті. Сонымен қатар ректор қоғамдық қатысу тетіктерін одан әрі жетілдіріп, халықпен тұрақты кері байланыс орнатудың маңыздылығына тоқталды.

Жиын барысында сарапшылар Құрылтай қызметінің конституциялық-құқықтық мәртебесін, өкілді орган ретінде қалыптасу ерекшеліктерін және мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету тетіктерін жан-жақты талқылады. Сонымен бірге азаматтық белсенділікті дамыту, түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғау мен мемлекеттік институттар және халық арасындағы өзара іс-қимылды арттыру жолдарына басымдық берілді.



Бұдан бөлек, мемлекеттік-құқықтық үдерістерді зерттеудегі ғылыми қауымдастықтың рөліне ерекше назар аударылып, пікірталасқа жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттар да белсене араласты.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша өкілді орган қызметін одан әрі дамыту, қоғамдық қатысу тетіктерін жетілдіру және халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар қамтылған арнайы қарар қабылданды.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ

Құрылтай – мемлекеттік басқарудың жаңа кезеңі

Қоғам нақты өзгерістерді қалайды

Қазақстан Республикасының заң шығарушы билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган – Құрылтай жұмысын бастады.

Құрылтай билікті бақылайды, ел үшін маңызды мәселелерді ашық әрі бейтарап талқылайды. Құрылтай құрамында өндіріс мамандары, мемлекеттік басқаруда тәжірибесі бар, жалпы өңірлік тұрмыс-шаруашылық жағдайын жақсы білетін патриот азаматтар да жеткілікті. Бұл өте жақсы үйлесімділік. Депутаттыққа кандидаттар саны 145 болса, осы орынға 550-ге жуық азамат қатысып, саяси партиялардың ішінде де, партия арасында да қызу бәсекелестік орын алды. Жаңа Құрылтай саясат пен практикалық тәжірибиені ұштастыруға мүмкіндігі бар, әлеуеті күшті құрылым болды.

Қоғам нақты өзгерістерді қалайды. Президентіміз өскелең ұрпақтың қолайлы және қауіпсіз ортада өмір сүруі үшін барынша жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Осы орайда, Үкімет 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желіге тіркелуіне заң арқылы тыйым салуды ұсынды. Орынды мәселе, орынды шешім.

Сондай-ақ онлайн-платформалар мен масс-медиа мәселесіне қатысты заңдарға айрықша назар аудару керек. Азаматтардың құқығы мен заңды мүдделері қорғалуы тиіс. Ел азаматтарына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етеді деген сенімдеміз.

Қазақстан аса маңызды бетбұрыс жасап, өсіп-өркендеуімізге жан-жақты жағдай туғызуы қажет. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қалануда. Мысалы, мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттыру керек деген Президентіміздің ұстанымын қолдаймыз. Елдегі тәртіп, заң қағидаттары, әділет құндылықтары қоғам әдебіне айналуы тиіс.

Талғат ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ,
Экономика кафедрасының аға оқытушысы



Ел болашағына бастар жол

Құрылтай – ел дамуының маңызды бағыттары айқындалып, қоғамды толғандырған мәселелер ашық талқыланатын тағылымды алаң. Мұнда айтылған әрбір бастама мемлекетіміздің болашағына, ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға және өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына қызмет етуі тиіс.

Бүгінде жасанды интеллект пен үлкен деректер технологиялары әлемдік дамудың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Сондықтан Құрылтайда көтерілген білім, ғылым, цифрландыру және адами капиталды дамыту мәселелері біз үшін ерекше маңызды.

Еліміздің технологиялық тәуелсіздігі білікті мамандарға, отандық ғылыми зерттеулерге және қазақ тіліндегі сапалы цифрлық өнімдерге тікелей байланысты.

Ортақ мақсатымыз – білімі терең, ойы еркін, технологияны игерген және ұлттық болмысына берік ұрпақ тәрбиелеу.

Назгүл ТОЙҒАНБАЕВА,
Жасанды интеллект және Big Data кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстанның саяси дамуында айрықша тарихи кезең басталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа бір палаталы Құрылтайдың алғашқы сессиясын ашуы – мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту бағытындағы маңызды қадам.

Ең алдымен бұл өзгеріске тарихи сабақтастық пен қазіргі заман талаптарының тоғысуы тұрғысынан қарағаң жөн.

Бір палаталы заң шығарушы органның басты артықшылығы – заң шығару үдерісінің ықшамдылығы, жауапкершіліктің нақтылануы және қоғамның өзекті мәселелеріне жедел ден қою мүмкіндігі. Алайда кез келген саяси институттың тиімділігі оның атауымен емес, мазмұны, ашықтығы және халық алдындағы жауапкершілігімен өлшенеді.

Сондықтан жаңа Құрылтайдың алдында үлкен міндет тұр. Ол қоғамдағы түрлі пікірлерді есті алатын, ғылыми қауымдастықтың, азаматтық сектордың, өңірлердің және әлеуметтік топтардың ұсыныстарын заңнамалық шешімдерге айналдыра алатын тиімді алаң болуы қажет.



Саяси мәдениеттің жаңғыруы

Президент атап өткендей, еліміз саяси жүйені жаңарту кезеңіне қадам басып отыр. Бұл – тек мемлекеттік институттардың өзгеруі емес, саяси мәдениеттің де жаңғыруы. Қоғам мен билік арасындағы сенім диалог, ашық талқылау және нақты жауапкершілік арқылы қалыптасады.

Жаңа Құрылтайдың тарихи маңызы оның өткеннің дәстүрін сақтап қана қоймай, Қазақстанның болашақ даму моделіне қызмет етуімен айқындалады. Егер жаңа институт елдің интеллектуалдық әлеуетін біріктіріп, ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға жол ашса, бұл өзгеріс Қазақстанның саяси жүйесін сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеруі мүмкін.

Жұлдыз ҮМБЕТБАЕВА,
Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының ассистент-профессоры, PhD

Ортақ шешім қабылдайтын алқалы институт

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен бірінші шақырылымдағы ҚР Құрылтайының бірінші сессиясының ашылуы – еліміздің қоғамдық-саяси және мемлекеттік басқару жүйесіндегі тарихи маңызы зор оқиға. Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырмыз», – деді. Бұл сөз бүгінгі өзгерістердің мәнін айқын көрсетеді.

Қазақтың мемлекеттілік тарихында Құрылтайдың орны ерекше. Ежелден ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешім қабылданатын алқалы институт болған Құрылтайдың бүгін заманауи мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігі ретінде жаңа мазмұнда жаңғыруы – тарихи сабақтастықтың көрінісі.

Мемлекеттік және жергілікті басқару саласының маманы ретінде бұл реформаның тиімді мемлекеттік басқаруды қалыптастырудағы маңызын ерекше атап өткім келеді. Қазіргі қоғамға сапалы заңдармен қатар, халықтың сұранысына жедел жауап беретін, ашықтық пен есептілік қағидаттарына негізделген кәсіби мемлекеттік аппарат қажет.

Құрылтайдың алдында ұлттық заңнаманың сапасын арттыру, мемлекеттік институттардың тиімділігін күшейту, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайту секілді аса жауапты міндеттер тұр. Бұл ретте қабылданатын әрбір шешімнің түпкі мақсаты азаматтардың әл-ауқаты мен елдің тұрақты дамуы болуы тиіс.

Бүгінгі тарихи өзгерістер мемлекеттік басқару саласында білім алып жүрген жастарға да үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені ертең осы реформаларды жүзеге асыратын, мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыратын кәсіби кадрлар – бүгінгі студенттеріміз бен жас зерттеушілеріміз.

Құрылтайдың қызметі еліміздің құқықтық негіздерін нығайтып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және әділетті Қазақстанды қалыптастыруға нақты үлес қоса береді деген сенімдеміз.

Гүлжихан СМАҒҰЛОВА,
Менеджмент кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент

Бірінші шақырылымдағы ҚР Құрылтайының алғашқы сессиясы – бұл жаңа саяси кезеңнің бастауы. Жалпыұлттық референдумда қолдау тапқан жаңа Конституцияға сәйкес, еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысын бастады.

Тұрақты дамудың негізі

Президент Құрылтайдың елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқаруға жаңа серпін беруге және ұлттық заңнаманың сапасын арттыруға ықпал ететінін баса айтты. Бұл депутаттарға жүктелген міндеттің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамның депутаттарға қоятын талабы жоғары екенін атап өтті. Құрылтайдың басты құндылығы – ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерді ортақ ой мен ортақ жауапкершілік тұрғысынан талқылауға мүмкіндік беруінде.

Бүгінгі Қазақстанға білімді ұрпақ, білікті маман, әділетті қоғам және ел болашағына бейжай қарамайтын азаматтар қажет. Білім мен ғылымның дамуы, ұлттық құндылықтардың сақталуы, жастардың болашағы, қоғамдағы бірлік пен келісім – мемлекеттің тұрақты дамуының берік негізі.

Гүлхан ТҰРАРҚЫЗЫ,
жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оқытушысы

Қоғамдық диалог кеңістігі

Құрылтай – халқымыздың тарихи жадында елдік мәселелерді кеңесе отырып шешудің, ортақ мүдде төңірегінде ұйысудың терең дәстүрін білдіретін ұғым. Ғасырлар бойы оның формасы мен қоғамдық қызметі өзгергенімен, негізгі мәні – ел тағдырына қатысты мәселелерді ортақ талқылау, бірлік пен жауапкершілікті сақтау – өзектілігін жоғалтқан емес. Бүгінде бұл тарихи дәстүр заманауи қоғамдық диалогпен сабақтасып, жаңа мазмұнға ие болып отыр.



Осы мәселелер Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің Түркітану және тіл теориясы кафедрасы ұйымдастырған «Құрылтай – еліміздің маңызды мәселелерін талқылайтын ортақ алаң» атты онлайн дөңгелек үстелде кеңінен сөз болды. ТДМ-ның «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар» бағыты аясында өткен басқосуда Құрылтайдың тарихи негіздері, қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты дамытудағы орны, жастар тәрбиесі мен елдің әлеуметтік-экономикалық жаңғыру үдерістері талқыланды.

Дөңгелек үстелдің мазмұны бірнеше маңызды бағытты қамтыды. PhD, аға оқытушы Раушан Қондыбаева «Ұлттық құрылтай және жастар» тақырыбындағы баяндамасында қазіргі қоғамдық үдерістердегі жастардың рөліне назар аударды. Жас буынның азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың ұлттық құндылықтарға құрметін күшейту, мемлекет болашағына жауапкершілікпен қарауына жағдай жасау мәселелері көтерілді. Қоғамдық мәселелерге белсенді араласатын, өз ойын еркін жеткізе алатын және ел дамуына үлес қосуға ұмтылатын жастарды қалыптастырудың маңызы аталды.

Филология ғылымының кандидаты Айгүл Қарақұлова «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына қарай трансформациясы» атты баяндамасында еліміздің қазіргі даму бағыттарына тоқталып, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қоғам өміріне ықпалын саралады. Қазақстанның жаңа даму кезеңінде экономикалық жаңғырудың қоғамдық тұрақтылық, әлеуметтік жауапкершілік және адам капиталының сапасымен өзара байланысы жөнінде пікірлер айтылды.

Ал оқытушы Қанат Бахтиярұлы «Құрылтай: тарихи жадыдан – жаңа саяси институтқа дейін» тақырыбында құрылтай ұғымының тарихи эволюциясына назар аударды. Ұлы даладағы алқалы кеңес дәстүрінен бастау алатын бұл ұғымның елдік шешімдер қабылдау мәдениетімен сабақтастығы сөз болды. Тарихи кезеңдерде құрылтай билік пен қоғам, ел басшылары мен халық өкілдері арасындағы кеңесу кеңістігі ретінде көрінсе, қазіргі жағдайда оның мазмұны қоғамдық диалог, тарихи сана және ортақ жауапкершілік ұғымдарымен толығып отырғаны атап көрсетілді.



Дөңгелек үстелде айтылған пікірлердің ортақ түйіні – құрылтайды тек тарихи ұғым немесе белгілі бір кезеңде өтетін жиын ретінде ғана қабылдамау қажеттігі болды. Оның басты маңызы – қоғамдағы өзекті мәселелерді ортаға салып, түрлі көзқарастардың тоғысуына мүмкіндік беруінде. Кеңесу мәдениеті қоғамдағы сенімді нығайтып, мемлекет пен азамат арасындағы байланысты тереңдетуге ықпал етеді.

Басқосу барысында кафедра оқытушылары да белсенді пікір білдіріп, Құрылтайда көтерілетін мәселелерді жоғары білім беру үдерісімен сабақтастыру жолдарына назар аударды. Әсіресе Мемлекет басшысының қоғамдық жауапкершілік, ұлттық құндылықтар, білім, ғылым, мәдениет және жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты бастамаларын студенттік аудиторияда талқылаудың маңызы айтылды.

Бұл бағыттағы жұмыстар тек тәрбие сағаттарымен шектелмеуі тиіс. Құрылтай материалдарын дәріс пен семинар сабақтарында, студенттердің ғылыми жобаларында, пікірталас алаңдарында және зерттеу жұмыстарында пайдалану – білім алушылардың елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге саналы көзқарасын қалыптастырудың бір жолы. Өйткені университеттің міндеті кәсіби маман даярлаумен ғана шектелмейді. Жоғары оқу орны қоғам алдында жауапкершілігі бар, тарихи санасы қалыптасқан, ұлттық және мемлекеттік құндылықтарды бағалайтын азамат тәрбиелеуге де қызмет етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, Құрылтай идеясының білім беру кеңістігі үшін де маңызы зор. Оның негізіндегі кеңесу, пікір алысу, ортақ шешімге ұмтылу және жауапкершілікті бөлісу қағидалары академиялық ортаға да жат емес. Керісінше, мұндай құндылықтар университет қабырғасында еркін ойлайтын, пікірін дәлелдей алатын және өзгенің көзқарасын құрметтейтін тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Дөңгелек үстел соңында Құрылтайдың бүгінгі мәнін үш негізгі ұғыммен түйіндеуге болатыны атап өтілді: тарихи жады, қоғамдық диалог және мемлекеттік жауапкершілік. Тарихи жады халықтың өткенін бүгінмен байланыстырады, қоғамдық диалог ортақ мәселелерді бірлесе талқылауға мүмкіндік береді, ал мемлекеттік жауапкершілік сол пікірлердің нақты іске ұласуын талап етеді.

Құрылтайдың ғасырлардан жеткен басты тағылымы да осында. Елдік мәселе ортақ болған жерде оны шешуге деген жауапкершілік те ортақ болуы тиіс. Ал қоғам мен мемлекет арасындағы ашық диалог – тұрақты даму мен берік бірліктің маңызды негіздерінің бірі.

Қанат ӘШІРҚҰЛОВ,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға әдвайзері, PhD

Нұргүл ИСМАИЛОВА,
аға оқытушы

Сәлеміміз тұзу болсын

Халқымызда амандасу, қал-жағдайды сұрау, сәлемдесу – кез келген жақсы қарым-қатынастың, әңгіменің және сыйластықтың басы деп біледі.

Сонымен қатар «Сәлем – сөздің анасы» немесе «Сәлем – сөздің басы, көңіл арнасы» деп сәлемдесуге ерекше мән берген. Бұл нақыл сөздің мағынасы мен мәні алғыс алу, жақсылық тілеу болып саналады. Себебі адамдарға сәлем беріп, оның алғысын алу – қазақ салт-дәстүрінің мызғымас үлгісі. Қазақта сәлемді дұрыс бермейтін балаға «көргенсіз», «тәрбие алмаған» деп кейістік білдірсе, ал дұрыс амандасқан адамға «көсегең көгерсін», «жүз жаса», «өркенің өссін» деп бата берген.

Таяуда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы құшақтасып және сүйісіп амандасу үрдісін сынап, азаматтарды байырғы ұлттық дәстүрлер мен жаңа қоғамдық әдеп кодексіне оралуға шақырды. Мемлекет басшысының сәлемдесу мәдениетіне қатысты айтқан негізгі ережелері мен ұсыныстары төмендегідей құрылымда жинақталған:

Президент сынына ілінген әдепсіз іс-әрекеттер:

● *Құшақтасып-сүйісу:* Ер адамдардың бір-бірін құшақтап, беттен сүйіп амандасуы қазақ салтында ешқашан болмаған.

● *Еркек пен әйелдің сүйісуі:* Сәлемдесу кезінде әйелдердің еркектерді, еркектердің әйелдерді бетінен сүюі әдепке жатпайды.

● *Әскери ортадағы оғаштық:* Әсіресе әскери форма киген тұлғалардың өзара құшақтасуы мүлдем орынсыз және көзге оғаш көрінеді.

Президент ұсынған дұрыс сәлемдесу әдебі:

● *Нық қол алысу:* Ер-азаматтар бір-бірімен кездескенде қолдың ұшын ғана бермей, қолды қаттырақ қысып амандасуы керек.

● *Жылы жүз таныту:* Амандасу барысында жасанды әрекетсіз, сәл жымиып, жылы қабақ таныту жеткілікті.

● *Қолды жүрекке қою:* Кездескен адамға деген шынайы қуаныш пен ерекше құрметті білдіру үшін оң қолды кеуде (жүрек) тұсына қойып сәлемдесу ең тиімді әрі мәдениетті жол деп айтқан болатын.

Президент бұл бастаманы жеке кеңістікті құрметтеу, қоғамдық тәртіп пен ой-сана тазалығын қалыптастырудың маңызды қадамы деп атап өтті.

Ендеше сәлеміміз тұзу болсын. Өзара сәлемдесіп, бір-бірімізге амандық тілеп жүрейік.

Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
ҚазҰУ Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, п.ғ.к.

Мемлекет басшысы өз сөзінде реформалардың нәтижесінде тарихи тамыры тереңде жатқан құрылтай ұғымының қайта жаңғырғанын атап өтті.

Маңызды шешімдер қабылдайтын саяси мінбер

Қазақ халқының тарихында құрылтай әрдайым ел тағдыры таразыға түскен, маңызды шешімдер қабылданған тарихи кезеңдермен сабақтасып келеді. Ата-бабаларымыз елдің болашағына қатысты күрделі мәселелерді талқылау, ортақ мәмілеге келу және халықтың бірлігін нығайту үшін құрылтай шақырған.

Тарихқа көз жүгіртсек, Талас құрылтайы Алтын Орданың қалыптасуына жол ашқан маңызды оқиғалардың бірі болса, Ордабасы құрылтайы қазақ халқының басына күн туған күрделі кезеңде үш жүздің басын қосып, елді ортақ мақсат пен біртұтас мүдде жолында топтастырды. Бұл құрылтайдың халқымыздың қоғамдық-саяси өміріндегі орны айрықша болғанын көрсетеді.

Бүгінде «құрылтай» атауының заң шығарушы органға берілуі жай ғана атау өзгерісі емес. Бұл – ұлттық тарихымызға деген құрметті, тарихи жады мен мемлекеттік дәстүрдің сабақтастығын білдіретін маңызды қадам.

Құрылтайдың жаңғыруы өткен дәуірді сол күйінде қайтару деген сөз емес. Керісінше, ата-бабамыздан қалған кеңесіп шешу, ортақ мәмілеге келу, ел мүддесін жоғары қою дәстүрін қазіргі заманғы парламентаризм институтымен ұштастыру.

Бұл ретте Құрылтай – халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, қоғамның өзекті мәселелерін ашық талқылауға, елдің ортақ мүддесі төңірегінде топтасуға бағытталған жаңа саяси мәдениеттің маңызды белгісі.

Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бүгінін және болашаққа деген ұмтылысын тоғыстыратын тарихи символ. Оның жаңғыруы ұлттық бірегейлігімізді нығайтып қана қоймай, мемлекеттілігіміздің тарихи тамырлары тереңде жатқанын тағы бір мәрте көрсетеді.

Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың түпкі мақсаты – заң мен тәртіп үстемдік ететін, әділетті, қауіпсіз, таза әрі күшті Қазақстанды қалыптастыру. Бұл бір күнде жүзеге асатын міндет емес, ел болып жұмылып, жүйелі түрде атқаратын ауқымды жұмыс.

Құрылтай депутаттарына жүктелген жауапкершілік те осында. Халықтың сенімін ақтау, елдің мүддесін қорғау, мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарына үлес қосу үлкен абыроймен қатар, зор жауапкершілік.

Құрылтай – тарихи сабақтастықтың, ел бірлігінің және ортақ жауапкершіліктің жаңа саяси нышаны.

Уәлихан АХАТОВ,
заң факультетінің деканы, заң ғылымының кандидаты, профессор

ҚазҰУ – AI-Sana бағдарламасының көшбасшысы

AI-Sana бағдарламасының Қазақстанда жүзеге асуында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің орны ерекше. ҚазҰУ – еліміздегі ірі ғылыми-білім беру орталықтарының бірі ғана емес, сонымен қатар жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамыту бағытында белсенді жұмыс жүргізіп отырған жетекші университеттердің бірі.



Университеттің AI-Sana бағдарламасына қатысу көрсеткіші де осының дәлелі. ҚазҰУ бағдарламаның екінші кезеңіне өткен білім алушылар саны бойынша жоғары оқу орындары арасында бірінші орынға шықты. Бұл нәтиже университет студенттерінің заманауи технологияларға деген қызығушылығы жоғары екенін ғана емес, ҚазҰУ-да цифрлық және инновациялық білім беруге ерекше көңіл бөлінетінін көрсетеді.

Биыл Қазақстанда жасанды интеллектіні дамытуға ерекше басымдық беріліп отырған кезеңде ҚазҰУ-дың бұл бағыттағы көшбасшылығы университеттің стратегиялық даму бағытымен де үндеседі. Бүгінде еліміздің 95 жоғары оқу орнында AI пәндері білім беру бағдарламаларына енгізіліп, мыңдаған білім алушы жасанды интеллект бойынша жаңа құзыреттерді меңгеруде.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ФАКУЛЬТЕТІ – AI ҚҰЗЫРЕТТЕРІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ

ҚазҰУ-дың AI-Sana бағдарламасындағы жетістігін сөз еткенде, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультетінің үлесін ерекше атап өткен жөн. Факультет заманауи IT мамандарын, жасанды интеллект, ақпараттық қауіпсіздік және цифрлық технологиялар саласының мамандарын даярлауды көздейді.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы ақпараттық қауіпсіздік саласына да жаңа міндеттер қойып отыр. Кибершабуылдарды анықтау, желілік трафикті талдау, зиянды бағдарламаларды тану, фишингтік шабуылдарды анықтау, ақпараттық жүйелердегі аномалияларды бақылау сияқты көптеген процестерде AI технологиялары кеңінен қолданылуда.


Сондықтан бүгінгі таңда жасанды интеллект пен киберқауіпсіздіктің тоғысуы ерекше маңызға ие.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ КРИПТОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ: 130 СТУДЕНТ – БІР МАҚСАТ

